

«Болашақ» мектебі мекемесі  
«Дене шынықтыру және көркем еңбек, музыка» ӘБ отырысының  
**№1 хаттамасы**

31.08.2023 ж.

Қатысқандар: 11  
Қатыспағандар: -

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. 2023-2024 оқу жылына Қ.Р жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2023-2024 оқу жылына бірлестіктің жұмыс жоспарын және мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарын бекіту. Дарынды және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту бағдарламасының жоспарын құру, бекіту.
3. Мұғалімдердің жүктеме сағаттарын бөлу. Ұйірме сағаттарын белгілеу.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері туралы мәлімдеме жасады. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша бірлестіктің апталығы 15.01.2024-26.01.2024 жыл аралығында белгіленіп, жоспары талқыланды. №348 бұйрыққа сәйкес әдістемелік бірлестіктегі пәндер бойынша сабақ барысында коментарийлер жазылып, аптасына 2-3 сабақ болған кезде әр тоқсан ЕСП толтырылуы керек екені айтылды, ал 1 сабақ болса аптасына жарты жылдықта есептелінеді деп толтырылады деп ескертілді. Дарынды және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, жұмыс кестесі құрылды және жұмыс жоспары талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдердің бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат бойынша стандартқа сай әр пән мұғалімі 1,5 жүктемелік сағаттан артық алуға болмайтынын ескертті.

**Шешімі:**

1. Бірлестік мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарын және дарынды, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жоспары бекітілсін.
2. 31.08.2023 ж. мұғалімдердің жүктемесі тарифтелінсін.
3. Артық сағат жүктемесі вакансияға берілсін.

ӘБ жетекшісі:  
Хатшы:

Г.Н.Аликенова  
А. Науке

«Болашақ» мектебі мекемесі  
««Дене шынықтыру және көркем еңбек, музыка»» ӘБ отырысының  
**№2 хаттамасы**

4.09.2023 ж.

Қатысқандар: 11  
Қатыспағандар:

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1.2023-2024 жылындағы атқарылатын жұмыстар туралы.
- 2.КТЖ, ҚМЖ уақытылы толтырылуы жөнінде.
- 3.Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылының жоспарын бірлестік мұғалімдерімен талқылады. Спартакиаданың ашылуы туралы және өткізу мерзімдері жоспарланып, талқыланды.

Екінші мәселе бойынша ҰМЖ, ҚМЖ талапқа сай күнделікті мұғалімдердің қолында болу және электронды журналды уақытылы толтыру керектігі айтылып өтті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі Г.Н. Аликенова өз сөзінде мұғалімдер, тәжірибе алмасу мақсатында, бос уақытында бір бірінің сабақтарына ену қажеттігін ескертті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі Г.Н. Аликенова , сабақ барысында қауіпсіздік ережесі қатаң сақталсын деп ескертті .

**Шешімі:**

1. Спартакиадаға дайындық жұмысы талапқа сай жүргізілсін.
2. Жаңа оқу жылына жоспар бойынша дайындалсын.
3. Оқушылар сабақта қауіпсіздік ережесін сақтауын мұғалімдер қадағаласын.

ӘБ жетекшісі:  
Хатшы:

Г.Н.Аликенова  
А.Науке